

Атанның баласы болма, адамның баласы бол!

Республикалық ақпараттық-танымдық газет



Шалжар

19 наурыз
2016 жыл.
№ 09-10
(190-191)

Наурыз Халықаралық әйелдер күні

Газет 2012 жылдың 26 маусымынан шығады

шындары


Әлем саған, сен әлемге ғашық ең,
Әйел-Ана құдіретіңе бас ием!



Наурыз

8
Наурыз

Университетім



Бүгінде әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – Қазақстандағы жоғары оқу орындары арасында үлкен серпіліс жасап, QS (Ұлыбритания) халықаралық рейтинг агенттігінің зерттеу қорытындысына сәйкес, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті әлемдегі үздік 800 университет арасында 275-ші орынды иемденіп, ең үздік 300 университет қатарына қосылды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің, ӘжБЖ-і студенті ретінде елімнің ертеңі үшін, әсіресе осындай білім ордасынан ілімденіп жатқанымды мақтан тұтамын. Экономика және бизнес жоғары мектебі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ірі бөлімі, сондай-ақ, Қазақстан Республикасындағы экономика ғылымының ғылыми-зерттеу және

педагогикалық орталығы болып табылады. Мұнда мамандарды даярлау халықаралық талаптарға сай келетін оқу жоспарымен жүргізіледі. Оқыту қазақ, орыс және ағылшын тілінде, сырттай оқу және қашықтан оқыту жүйесі бойынша жүргізіледі.

ҚазҰУ-дың ғылым ордасы ретінде танылуына аянбай үлес қосушылардың бірі «Менеджмент және маркетинг» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы ҚазҰУ-дың жоғары білікті мамандарынан және АҚШ, Еуропа және Азияның үздік университетінде тағлымдамадан өткен жас оқытушылардан тұрады. Оқу үдерісі көпдеңгейлі жүйе бойынша жүзеге асырылады. Университет қабырғасында 2011 жылдан бастап заман талабына сай «Логистика» мамандығы бойынша мамандар даярлай бастады. Осы

МАҚТАНЫШЫМ



студенттер ұйымының қызығушылығына қарай «Логистика» ғылыми үйірмесі және Логист студенттік бірлестігі жұмыс істейді. Қазіргі бизнесте логистика стратегиялық маңызды орынға ие. Қазіргі кезде кәсіпорындар арасындағы бәсекелестік жоғары. Бәсекелестік артқаннан кейін өндірушілер өздерінің тауарларының сапасын жақсартып, сонымен қатар тауарларды жеткізу мен қызмет көрсету кезіндегі болатын шығындарды азайту қажеттігін түсінді. Міне, осы мәселелердің шешімін табу үшін Логистиканың қажеттігі байқала бастады. Логистикалық қызметті пайдалана бастаған кәсіпорындар өз істерінде әжептеуір жетістіктерге жете бастады. Логистика қызметінің оң нәтижесін аз уақытта ғана байқауға болады. Сол себепті Логист мамандарға деген сұраныс қазіргі уақытта артып отыр.

мамандық бойынша 2014-2015 оқу жылында алғашқы түлектер диплом алып, еліміздің түкпір-түкпірінде қызмет жасауда. Бакалавр (4 жыл) дәрежесін алғандар магистратураға (2 және 1 жыл) және «Логистика (сала бойынша)» Phd докторантурасына түсуге мүмкіндігі бар. «Менеджмент және маркетинг» кафедрасының магистранттары жыл сайын Еуропа, АҚШ, Азияның үздік университеттерінде шетелдік іссапарға барады.

«Логистика» мамандығының студенттері тек қана оқумен шұғылданып қоймай, сондай-ақ, студенттік өмірін де белсенді өткізуде деп айта аламын. «Менеджмент және Маркетинг» кафедрасы республикалық дәрежеде өтетін олимпиадаларды өткізеді. Кафедрада

Бүгінгі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Экономика және бизнес жоғарғы мектебінің «Менеджмент және Маркетинг» кафедрасында «Логистика» мамандарын даярлау тек қана республика деңгейінде ғана емес, сондай-ақ, әлемдік оқыту кеңістігінде және Орта Азия аймағындағы білім беретін халықаралық орталығы атану үшін аянбай еңбек етуде.

Батыржан ДҮЙСЕНБАЙҰЛЫ,
«Логистика» мамандығының
4 курс студенті.

Эльмира Баймуханбетова,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
«Менеджмент және Маркетинг»
кафедрасының доценті, з.ғ.к.
